ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР
КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ГОСУДАРСТВЕННЫХ
ДОХОДОВ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

18.03.2019 № 122

Астана қаласы

город Астана

**Об утверждении Порядка проведения органами государственных доходов анализа перечня субподрядчиков при казначейском сопровождении государственных закупок по строительству на наличие рисков**

В соответствии с Правилами исполнения бюджета и его кассового обслуживания, утвержденными приказом Министра финансов Республики Казахстан от 4 декабря 2014 года №540, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемый Порядок проведения органами государственных доходов анализа перечня субподрядчиков при казначейском сопровождении государственных закупок по строительству на наличие рисков.
2. Отменить приказ Председателя Комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан от 7 апреля 2017 года №159 «Об утверждении Порядка проведения оценки субподрядчиков органами государственных доходов при казначейском сопровождении государственных закупок по строительству (пилотный проект)».
3. Организационному управлению Департамента внутреннего администрирования (Сейдахметов И.С.) довести до сведения всех департаментов государственных доходов Комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан и разместить на интернет-ресурсах Комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан.
4. Контроль за исполнением настоящего приказа оставляю за собой.
5. Настоящий приказ вступает в силу со дня подписания.

**И.о. Председателя** **Т. Мамаев**

КЕҢСЕ

044969

Утвержден
Приказом Председателя Комитета
государственных доходов
Министерства финансов
Республики Казахстан
от «18» 03 2019 года
№122

**Порядок проведения органами государственных доходов анализа перечня субподрядчиков при казначейском сопровождении государственных закупок по строительству на наличие рисков**

## 1. Общие положения

1. Настоящий порядок разработан в соответствии с Правилами исполнения бюджета и его кассового обслуживания, утвержденными приказом Министра финансов Республики Казахстан от 4 декабря 2014 года № 540, в целях минимизации рисков неисполнения или неполного исполнения обязательств по уплате налогов и других платежей в бюджет участниками реализации бюджетного инвестиционного проекта и определяет действия органов государственных доходов по анализу перечня субподрядчиков при казначейском сопровождении государственных закупок по строительству на наличие рисков (далее – Анализ).

2. В рамках настоящего порядка используются следующие сокращения:

ИС ЕХД – информационная система «Единое хранилище данных»;

ИС ИНИС – информационная система «Интегрированная налоговая информационная система»;

уполномоченное подразделение – структурное подразделение Комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан, осуществляющее общую координацию и контроль за исполнением расчетов по анализу наличия рисков перечня субподрядчиков.

3. Анализ применяется в отношении субподрядчиков, по которым сумма по договору субподряда с генеральным подрядчиком превышает 1 миллион тенге (далее – субподрядчики), по критериям согласно приложению 1 к настоящему порядку.

## 2. Порядок проведения Анализа

4. Анализ проводится органом государственных доходов после поступления от генерального подрядчика в сканированном виде с

дублированием в формате Excel на электронную рассылку GosZakup@mgd.kz следующих документов:

перечень субподрядчиков;

запрос на проведение Анализа согласно приложению 2 к настоящему порядку;

письменное разрешение от субподрядчика на получение сведений, являющихся налоговой тайной.

При этом рассылка включает электронные адреса ответственных должностных лиц:

уполномоченного подразделения;

территориальных органов государственных доходов;

инжиниринговых компаний.

5. Территориальный орган государственных доходов производит Анализ по месту осуществления казначейского сопровождения.

6. В случае, если субподрядчик состоит на регистрационном учете территориального органа государственных доходов в одном регионе, при этом казначейское сопровождение осуществляется в другом, то территориальный орган государственных доходов производит Анализ с учетом наличия доступа к республиканской базе данных по месту осуществления казначейского сопровождения генерального подрядчика.

7. По итогам Анализа территориальные органы государственных доходов в течение одного рабочего дня со дня получения запроса:

формируют ответ-извещение в ИС ЕХД о результатах оценки субподрядчиков по форме, согласно приложению 3 к настоящему порядку;

направляют ответ-извещение в кабинет налогоплательщика генерального подрядчика с дублированием на его электронную почту и инжиниринговой компании.

8. Ответ формируется и утверждается ответственными должностными лицами территориального органа государственных доходов.

9. Перечень ответственных должностных лиц, указанных в пункте 8 настоящего порядка, утверждается руководителем территориального органа государственных доходов.

## 3. Заключительное положение

10. Должностные лица органов государственных доходов несут персональную ответственность за разглашение сведений, используемых в рамках реализации настоящего порядка в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Приложение 1
к Порядку проведения органами
государственных доходов анализа
перечня субподрядчиков при
казначейском сопровождении
государственных закупок по
строительству на наличие рисков

Критерии, применяемые в целях анализа перечня субподрядчиков
на наличие рисков

| | |
|---|---|
| 1 | руководитель (учредитель/участник) субподрядчика и (или) поставщика субподрядчика, с которым сумма сделки за последние двенадцать месяцев превышает 10 миллионов тенге, является руководителем (учредителем/участником) юридического лица:<br>– признанного лжепредприятием;<br>– регистрация/ перерегистрация которого признана недействительной;<br>– признанного банкротом;<br>– отсутствующего по месту нахождения (по юридическому адресу);<br>– признанного бездействующим;<br>– снятого с регистрационного учета по налогу на добавленную стоимость на основании решения налогового органа; |
| 2. | по субподрядчику и (или) поставщикам субподрядчика, состоящим на регистрационном учете по налогу на добавленную стоимость, коэффициент отношения уплаченных в бюджет сумм внутренних налогов и сборов за последние двенадцать месяцев к сумме оборота по реализации, размер которого превышает 50 миллионов тенге, по данным налоговой отчетности и счетам-фактурам, выписанным в электронном формате, за периоды по которым не наступил срок представления налоговой отчетности, составляет менее 0,1; |
| 3. | осуществление субподрядчиком и (или) поставщиком субподрядчика сделок с лжепредприятиями, бездействующими налогоплательщиками и с налогоплательщиками, регистрация или перерегистрация которых судами признаны недействительными, а также сделок, совершение которых признано судом осуществленными без намерения осуществлять предпринимательскую деятельность, (расчет осуществляется за период исковой давности, при этом, по периодам по которым не наступил срок представления налоговой отчетности используются данные счетов-фактур, выписанных в электронном формате); |
| 4. | осуществление субподрядчиком и (или) поставщиком субподрядчика сделок на сумму свыше 10 миллионов тенге с поставщиками, имеющими высокую степень риска по результатам категорирования, |

| | |
|---|---|
| | признанными банкротами, отсутствующими по месту нахождения (по юридическому адресу), снятыми с регистрационного учета по налогу на добавленную стоимость на основании решения налогового органа (расчет осуществляется за последние двенадцать месяцев, при этом, по периодам по которым не наступил срок представления налоговой отчетности используются данные счетов-фактур, выписанных в электронном формате); |
| 5. | по субподрядчику соотношение фонда оплаты труда к совокупному годовому доходу менее 0,1 (за последний налоговый период, по которому предоставлена налоговая декларация); |
| 6. | по субподрядчику отсутствие активов – отсутствие начислений по налогу на транспорт, имущество и земельному налогу за последние двенадцать месяцев. |

Приложение 2
к Порядку проведения органами государственных доходов анализа перечня субподрядчиков при казначейском сопровождении государственных закупок по строительству на наличие рисков

**Запрос на анализ перечня субподрядчиков**

исх.№___________
от « _» ________20__ года

**1. Генеральный подрядчик**

| бизнес/индивидуальный идентификационный номер | Наименование | Место осуществления казначейского сопровождения (указывается областной центр или города республиканского значения) | Наименование объекта строительства | Электронный адрес инжиниринговой компании |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

**2. Перечень субподрядчиков**

| № | бизнес/индивидуальный идентификационный номер | Предмет договора (поставка товаров, выполнение работ и/или оказание услуг) | Сумма по договору (тыс.тенге) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |

Должностное лицо генерального подрядчика _______________________
(ФИО, подпись)

Приложение 3
к Порядку проведения органами
государственных доходов анализа перечня
субподрядчиков при казначейском
сопровождении государственных закупок по
строительству на наличие рисков

**Ответ на запрос от « __» _____20__ года № ___**
**на анализ перечня субподрядчиков***

**1. Генеральный подрядчик**

| БИН (ИИН) | Наименование | Место осуществления казначейского сопровождения (указывается областной центр или города республиканского значения) | Наименование объекта строительства |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |

**2. Перечень субподрядчиков**

| № п/п | БИН (ИИН) | Подпадает под критерии (указываются порядковые № критериев согласно приложению 1) | Вид деятельности (по ОКЭД) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |

Примечание * заполняется в форме Извещения о нарушениях, выявленных по результатам камерального контроля согласно приложению 22 к приказу Министра финансов Республики Казахстан от 8 февраля 2018 года № 146

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ДОХОДОВ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

18.03.2019 № 122

Астана қаласы город Астана

**Құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алуды қазынашылық қолдау кезінде мемлекеттік кірістер органдарының қосалқы мердігерлердің тізбесіне тәуекелдердің болуына талдау жүргізу тәртібін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережелеріне сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алуды қазынашылық қолдау кезінде мемлекеттік кірістер органдарының қосалқы мердігерлердің тізбесіне тәуекелдердің болуына талдау жүргізу тәртібі бекітілсін.

2. «Құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алуды қазынашылық сүйемелдеу кезінде мемлекеттік кірістер органдарының қосалқы мердігерлерге бағалауды өткізу тәртібін бекіту туралы (пилоттық жоба)» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының 2017 жылғы 7 сәуірдегі №159 бұйрығының күші жойылсын.

3. Ішкі әкімшілендіру департаментінің Ұйымдастыру басқармасы (І.С.Сейдахметов) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің барлық мемлекеттік кірістер департаменттерінің назарына жеткізсін және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің интернет-ресурстарында орналастырсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Төрағаның м.а.** **Т. Мамаев**

044973

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитеті
Төрағасының
2019 жылғы «18 03
№122 бұйрығымен
бекітілді

**Құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алуды қазынашылық қолдау кезінде мемлекеттік кірістер органдарының қосалқы мердігерлердің тізбесіне тәуекелдердің болуына талдау жүргізу тәртібі**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы тәртіп бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыру қатысушыларының салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерін орындамау немесе толық орындамау тәуекелдерін барынша азайту мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалык қызмет көрсету ережелеріне сәйкес әзірленді және құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алуды қазынашылық қолдау кезінде мемлекеттік кірістер органдарының қосалқы мердігерлердің тізбесіне тәуекелдердің болуына талдау жүргізу бойынша (бұдан әрі – Талдау) әрекеттерін айқындайды.

2. Осы тәртіптің шеңберінде мынадай қысқартулар пайдаланылады:

БДҚ АЖ – «Бірыңғай деректер қоймасы» ақпараттық жүйесі;

БСАЖ АЖ – «Біріктірілген салықтық ақпараттық жүйесі» ақпараттық жүйесі;

уәкілетті бөлімше – қосалқы мердігерлердің тізбесіне тәуекелдердің болуына талдау бойынша есептердің орындалуына жалпы үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің құрылымдық бөлімшесі.

3. Талдау, бас мердігермен қосалқы мердігерлік шарты бойынша сомасы 1 млн.теңгеден асатын қосалқы мердігерлерге (бұдан әрі – қосалқы мердігерлер) қатысты осы тәртіпке 1-қосымшаға сәйкес өлшемшарттар бойынша қолданылады.

## 2. Талдау жүргізу тәртібі

4. Талдауды бас мердігерден мына құжаттар GosZakup@mgd.kz электрондық таралымға Excel форматында қайталаумен сканерленген түрде келіп түскеннен кейін мемлекеттік кірістер органы жүргізеді:

қосалқы мердігерлердің тізбесі;

осы тәртіпке 2-қосымшаға сәйкес Талдау жүргізуге арналған сұрау салу;

салықтық құпия болып табылатын мәліметтерді алуға қосалқы мердігерден жазбаша рұқсаты.

Бұл ретте таралымға жауапты лауазымды тұлғалардың электрондық мекенжайларын қосады:

уәкілетті бөлімшенің;

аумақтық мемлекеттік кірістер органдарының;

инжинирингтік компаниялардың.

5. Аумақтық мемлекеттік кірістер органы Талдауды қазынашылық қолдауды жүзеге асыру орны бойынша жүргізеді.

6. Егер қосалқы мердігер аумақтық мемлекеттік кірістер органының тіркеу есебінде бір өңірде тұрса, бұл ретте қазынашылық қолдау басқа өңірде жүзеге асырылса, онда аумақтық мемлекеттік кірістер органы Талдауды бас мердігердің қазынашылық қолдауын жүзеге асыру орны бойынша республикалық деректер базасына қолжетімділіктің болуын ескере отырып жүргізеді.

7. Талдау қорытындысы бойынша аумақтық мемлекеттік кірістер органдары сұрау салуды алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде:

БДҚ АЖ-да қосалқы мердігерлерді бағалау нәтижелері туралы жауап-хабарлауды осы тәртіпке 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырады;

жауап-хабарлауды бас мердігердің электрондық поштасына қайталаумен салық төлеуші кабинетіне, инжинирингтік компаниясына жолдайды.

8. Жауапты аумақтық мемлекеттік кірістер органының жауапты лауазымды тұлғалары қалыптастырады және бекітеді.

9. Осы тәртіптің 8-тармағында көрсетілген жауапты лауазымды тұлғалардың тізбесін аумақтық мемлекеттік кірістер органының басшысы бекітеді.

## 3. Қорытынды ереже

10. Мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғалары осы тәртіпті іске асыру шеңберінде пайдаланылатын мәліметтерді жария еткендері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес жауапкершілікте болады.

**Құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алуды қазынашылық қолдау кезінде мемлекеттік кірістер органдарының қосалқы мердігерлердің тізбесіне тәуекелдердің болуына талдау жүргізу тәртібіне 1-қосымша**

## Қосалқы мердігерлердің тізбесіне тәуекелдердің болуына талдау жүргізу мақсатында қолданылатын өлшемшарттар

| | |
|---|---|
| 1 | Соңғы он екі айдың ішінде мәміле сомасы 10 миллион теңгеден асатын қосалқы мердігердің және (немесе) қосалқы мердігердің өнім беруші басшысы (құрылтайшы/қатысушы) мынадай заңды тұлғаның басшысы (құрылтайшы/қатысушы) болып табылады:<br>– жалған кәсіпорын деп танылған;<br>– тіркелуі/қайта тіркелуі жарамсыз деп танылған;<br>– банкрот деп танылған;<br>– орналасқан орны бойынша (заңды мекен-жайы бойынша) жоқ болған;<br>– әрекетсіз деп танылған;<br>– салық органы шешімінің негізінде қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылған; |
| 2 | қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінде тұрған қосалқы мердігер және (немесе) қосалқы мердігердің өнім берушісі бойынша бюджетке соңғы он екі ай үшін төленген ішкі салықтар мен алымдар сомасының салықтық есептіліктің және салықтық есептілікті ұсыну мерзімі келмеген кезеңі үшін электрондық форматта жазып берілген шот-фактуралардың деректері бойынша мөлшері 50 миллион теңгеден асатын сату бойынша айналым сомасына қатынасының коэффициенті 0,1 азды құрайды; |
| 3 | қосалқы мердігердің және (немесе) қосалқы мердігер өнім берушісінің жалған кәсіпорындармен, әрекетсіз салық төлеушілермен және тіркелуі немесе қайта тіркелуі соттармен жарамсыз деп танылған салық төлеушілермен мәмілелерді, сондай-ақ сотпен кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз жасалған мәмілелер деп танылған мәмілелерді жүзеге асыру (есеп талап қоюдың өту кезеңіне жүзеге асырылады, бұл ретте салықтық есептілікті ұсыну мерзімі келмеген кезең бойынша электрондық форматта жазып берілген шот-фактуралардың деректері пайдаланылады); |
| 4 | қосалқы мердігердің және (немесе) қосалқы мердігер өнім берушінің 10 миллион теңгеден асатын сомаға санаттау нәтижелері бойынша тәуекелдің жоғары дәрежесіне ие, банкрот деп танылған, орналасу орны бойынша (заңды мекен-жайы бойынша) жоқ болған, салық органы шешімінің негізінде қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылған өнім берушілермен мәмілелерді жүзеге асыру (есеп соңғы |

| | |
|---|---|
| | он екі ай үшін жүзеге асырылады, бұл ретте салықтық есептілікті ұсыну мерзімі келмеген кезең бойынша электрондық форматта жазып берілген шот-фактуралардың деректері пайдаланылады); |
| 5 | қосалқы мердігер бойынша еңбекақы төлеу қорының жылдық жиынтық табысқа қатынасы 0,1-ден аз (салықтық декларация ұсынылған соңғы салық кезеңі үшін); |
| 6 | қосалқы мердігер бойынша активтердің болмауы – соңғы он екі айда көлік, мүлік және жер салығы бойынша есепке жазулардың болмауы. |

**Құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алуды қазынашылық қолдау кезінде мемлекеттік кірістер органдарының қосалқы мердігерлердің тізбесіне тәуекелдердің болуына талдау жүргізу тәртібіне 2-қосымша**

## Қосалқы мердігерлердің тізбесіне талдау жүргізуге арналған сұрау салу

20__ жылғы « __» _____№
шығыс №___________

### 1. Бас мердігер

| Бизнес/Жеке сәйкестендіру нөмірі | Атауы | Қазынышылық қолдау жүзеге асырылатын орын *(облыстық орталық немесе республикалық маңызы бар қалалар көрсетіледі)* | Құрылыс объектісінің атауы | Инжинирингтік компанияның электрондық мекен-жайы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

### 2. Қосалқы мердігерлердің тізбесі

| № | Бизнес/Жеке сәйкестендіру нөмірі | Шарттың пәні (тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және/немесе қызметтер көрсету) | Шарт бойынша сома (мың теңге) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |

Бас
мердігердің
лауазымды
тұлғасы

______________________
(ТАӘ, қолы)

**Құрылыс бойынша мемлекеттік сатып алуды қазынашылық қолдау кезінде мемлекеттік кірістер органдарының қосалқы мердігерлердің тізбесіне тәуекелдердің болуына талдау жүргізу тәртібіне**
**3-қосымша**

## Қосалқы мердігерлердің тізбесіне талдау жүргізуге арналған 20__ жылғы « __» _____№ ___ сұрау салуға жауап*

### 1. Бас мердігер

| БСН (ЖСН) | Атауы | Қазынашылық қолдау жүзеге асырылатын орын *(облыстық орталық немесе республикалық маңызы бар қалалар көрсетіледі)* | Құрылыс объектісінің атауы |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |

### 2. Қосалқы мердігерлердің тізбесі

| р/с № | БСН (ЖСН) | Өлшемшарттарға жатады (1-қосымшаға сәйкес өлшемшарттардың реттік нөмірлері көрсетіледі) | Қызмет түрлері (ЭҚЖК бойынша) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |

Ескертпе* Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы №146 бұйрығына 22-қосымшаға сәйкес Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар туралы хабарлама нысанында толтырылады.